

## Қазақ тілі

*Нұсқаулық: Сізге бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі*

1. А...тобус сөзіндегі көп нүктенің орнына тиісті әріп

- A) ф
- B) б
- C) п
- D) в

2. Суретте берілген ертегі кейіпкерінің атауындағы қатаң дауыссыз дыбыс



- A) к
- B) һ
- C) қ
- D) х

3. **Х, һ** дыбыстарының түрі

- A) қатаң дауыссыз дыбыс
- B) ұяң дауыссыз дыбыс
- C) үнді дауыссыз дыбыс
- D) дауысты дыбыстар

4. Адалдық сөзінің синонимі

- A) қызғаншақтық
- B) сараңдық
- C) қамқорлық
- D) шыншылдық

5. Сөйлемдегі қаратпа сөз

*Балам, кітаптың қай бетін оқып отырсың?*

- A) балам
- B) отырсың
- C) қай бетін
- D) кітаптың

6. Сын есім мен зат есімнен жасалған сөз тіркестер қатары

- A) бесінші үй, он қасық
- B) таза жазады, өлең жаттау
- C) тез оқы, екі бала
- D) тұнық су, таза ауа

7. Сөйлемдегі етістікті тап

*Асқар тоғызқұмалақ үйірмесіне қатысады.*

- A) қатысады
- B) үйірмесіне
- C) тоғызқұмалақ
- D) Асқар

8. - ншы жұрнағы жалғанатын сан есім

- A) алты
- B) тоғыз
- C) жеті
- D) сегіз

9. Сөйлемдегі сын есімді тап

*Балнұр қызықты ертегі оқыды.*

- A) Балнұр
- B) ертегі
- C) қызықты
- D) оқыды

10. Сөйлем мен жалғасының сәйкестігі

Сөйлем	Жалғасы
1) Ауылдан әжем келді	A) Құстар жылы жаққа қайтты
2) Орманды үскірік жел кезді	B) Сәуле қарт адамға орын берді
3) Автобуста адам көп екен	C) Мен қатты қуандым
4) Күз келді	D) Бұталар сыбдыр қақты

- A) 1–B; 2–D; 3–A; 4–C
- B) 1–C; 2–D; 3–A; 4–B
- C) 1–A; 2–B; 3–C; 4–D
- D) 1–C; 2–D; 3–B; 4–A

11. Құрмалас сөйлемді анықта

- A) Нұрлан әкесімен ағаштың түбін қопсытты, суғарды.
- B) Көктемде әкесі мен Нұрлан ағаш отырғызды.
- C) Көктем келіп, Нұрлан әкесімен аулаға терек екті.
- D) Нұрлан ауладағы ағашқа, гүдерге су құйды.

12. Сөйлемдерді олардың жасалу жолымен сәйкестігін анықта

Сөйлем түрі	Жасалу жолы
1) Жалаң сөйлем	A) бастауыш пен баяндауыштан
2) Жай сөйлем	B) екі, үш жай сөйлемнен
3) Құрмалас сөйлем	C) тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерден

- A) 1 – C, 2 – B, 3 – A
- B) 1 – A, 2 – C, 3 – B
- C) 1 – D, 2 – A, 3 – C
- D) 1 – C, 2 – A, 3 – B

*Нұсқаулық: Сізге контекст негізінде тест тапсырмалары беріледі*

### **Тамыржемістілер**

**Қантқызылшасы** қоректік затын тамырына жинайды. Күзде оның тамыры жуандайды. Тамыры жеміске айналады. Қантты осыдан алады.

Қызылша бірінші жылы тұқым бермейді. Өйткені ол – екі жылдық өсімдік. Алғашқы жылы қызылшаның тамыр жемісі мен жапырағы ғана өсіп үлгереді. Тамыржемісті келесі жылы тағы отырғызады. Одан ұзын сабақ шығады.

Өсімдік қызғылт жапырақтарға бөленеді. Гүл шашады. Гүлден тұқым өнеді. Қызылшаның жемісі тамырында болады. Сондықтан оны тамыржемістілер дейді. Қызылшаның адам денсаулығына пайдасы зор.

13. Бірінші сөйлемдегі буын үндестігіне бағынбайтын сөз

- A) жинайды
- B) тамырына
- C) қоректік
- D) затын

14. Қарамен жазылған сөз неше жолмен тасымалданады?

- A) бес
- B) төрт
- C) үш
- D) екі

15. Қосымшалары дыбыс үндестігіне бағынып жалғанған сөздер қатары

- A) тамырында, тамырын
- B) жеміске, жапырақтары
- C) жапырағы, денсаулығына
- D) тамырына, қызылшаның